

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### *«ҚазГерМұнай» БК ЖШС-ның 50% үлесін сатып алу жөніндегі мәміленің аяқталғандығы туралы*

Астана, 26 сәуір 2007 жыл.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ» немесе «Компания») «ҚазГерМұнай» БК ЖШС-дағы (бұдан әрі – «ҚГМ») 50% үлесін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-нан сатып алу жөніндегі мәміленің аяқталғандығы туралы мәлімдеді. Қазгермұнайгаз дивидендтерін бөлгеннен кейін 50% үлес үшін (бұдан әрі – «ҚМГ» ҰК) төленген сома кемітілді және 118,3 млрд. теңгені құрады.

Сатып алуды барлық тәуелсіз директорлардың, сондай-ақ үстіміздегі жылдың 12 сәуірінде өткен акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан миноритарлық инвесторлардың көпшілігінің мақұлдауын қоса алғанда Директорлар кеңесі мақұлдады. Мәмілеге қатысты барлық шаралар да аяқталды.

ҚМГ БӨ сондай-ақ, ҚМГ ҰК 2006 жылдың шілдесінде ҚМГ БӨ-ден алған 800 млн. доллар мөлшеріндегі борышты өтегенін де хабарлады.

#### **Қосымша ақпарат:**

ҚМГ БӨ - мұнай өндіру көлемі бойынша 2006 жылы 9,5 млн. тоннадан (тәулігіне 192 мың баррельден) асып түскен 3-ші Қазақстандық Компания. Қазгермұнайдың 50%-дық үлесін сатып алу ҚМГ БӨ-ге Қазақстанда мұнай өндіру бойынша екінші орынға шығуға мүмкіндік береді. Компанияның дәлелденген және мүмкін болатын қорларының көлемі 2006 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 203 млн. тоннаны (1,5 млрд. баррельді) құрады. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасына, ал ауқымды депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасына өтті. 2006 жылдың қыркүйегінде IPO кезінде Компания 2 миллиардқа жуық АҚШ долларын тартты.

ҚМГ ҰК қазақстандық мұнай-газ өнеркәсібінде мемлекеттің мүддесін білдіреді және өзінің еншілес компаниялары арқылы мұнай-газ бизнесінің барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге, өткізуге және қызметтер көрсетуге дейінгі барлық аспектілеріне қатысады. ҚМГ ҰК шамамен алғанда ҚМГ БӨ-нің 61% қарапайым акцияларына иелік етеді.

ҚазГерМұнай өндіру көлемі бойынша 8-ші қазақстандық мұнай компаниясы. ҚазГерМұнайдың дәлелденген және мүмкін болатын қорлары 2006 жылдың қыркүйегінің аяғындағы жағдай бойынша 40,7 млн. тоннаға (310 млн. баррельге) жуықты, өндіру 2006 жылы – 3 млн. тоннаға (тәулігіне 60 мың баррельге) жуықты құрайды. 2007 жылдың 5 наурызында ҚМГ БӨ ҚМГ ҰК-дан мүмкін болатын түзетулерімен 133,3 млрд. теңгеге ҚазГерМұнай-дағы 50%-дық үлесін сатып алу келісімі туралы мәлімдеді. ҚазГерМұнайдың екінші қатысушысы PetroKazakhstan Kumkol Resources компаниясы болып табылады.

**Байланыстық ақпарат:**

«ҚМГ БӨ» АҚ, Қоғаммен байланыс (+7 3172 977908, +7 3172 977924)  
Ләззат Көккөзова  
e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 3172 975433)  
Александр Гладышев  
e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

WMC Communications Ltd (+44 207 930 9030)  
Elena Dobson  
e-mail: [Elena.dobson@wmccommunications.com](mailto:Elena.dobson@wmccommunications.com)

*Болашаққа қатысты мәлімдеме*

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе парантер терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.*